

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ

«Құқықтану» білім беру бағдарламасы

6В04205– Құқықтану

«Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы

6В12301 -- Құқық қорғау қызметі

мамандығының Қылмыстық іс жүргізу құқығы (жалпы бөлім), Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы (Жалпы бөлім) пәндерінен СӨЖ тапсырмалары және оларды орындау үшін әдістемелік нұсқаулар

АЛМАТЫ 2023 ж.

Әдістемелік нұсқаулықтар қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доценті, з.ғ.к. Г.Н.Мухамадиевамен айындалған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің Ғылыми кеңесімен ұсынылған және бекітілген.

\_\_\_\_\_ Д.Л. Байдельдинов

Хаттама « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023 ж.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің «Құқықтану» білім беру бағдарламасы , «6В04205– Құқықтану»; «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы «6В12301 — Құқық қорғау қызметі» мамандығы студенттері үшін қылмыстық құқықтық пәндер бойынша семинарлық сабақтарды жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулар.**

## 1. Өзіндік жұмысты жазудың мақсаттары

Өзіндік жұмыс – оқытушының тапсырмасы бойынша және әдістемелік жетекшілігімен студенттердің танымдық қабілеттерін дамыту және өзіндік үздіксіз білім көтеруге бағытталған студенттердің жоспарланған жұмысы.

Оқу және ғылыми материалдың күрт өсуіне байланысты, пәнді оқуға арналған аудиториялық сағаттардың жетіспеушілігі барысында оқу үдерісі шеңберінде СӨЖ маңызды рөл атқарады. Жоғары оқу орнының кез келген бітірушісі студенттердің өзіндік жұмысы барысында қалыптасатын іргелі білімге, кәсіби қызметтің дағды, машықтарына, шығармашылық және зерттеу қызметінің тәжірибесіне, әлеуметтік және коммуникативті хұзыреттерге ие болуы қажет.

СӨЖ-дің дидактикалық міндеттері: аудиториялық сабақ барысында алған білімді бекіту, терендету, ұлғайту, жүйелеу; жаңа оқу материалын дербес түрде меңгеру; кәсіби машықты сондай-ақ дербес ойлау қызметінің дағдысын дамыту; дербес ойлау қабілетін, заңи әдебиетке, тәжірибелік заңи қызметке, құқық шығармашылық үдерісіне қызығушылықты жетілдіру.

СӨЖ-дің негізгі нысандары: үй жұмысы; жекелеген тақырыптар бойынша рефераттар дайындау; ғылыми студенттік үйірмелердің және ғылыми конференциялардың жұмысына қатысуды білдіретін, студенттердің оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстары (студенттердің оқу-зерттеу жұмыстары - СОЗЖ және студенттердің және ғылыми-зерттеу жұмыстары - СҒЗЖ); аудиториядан тыс уақытта іскерлік ойындар ұйымдастыру және өткізу.

**Үй жұмысы тәжірибелік және семинар сабақтарына өз бетінше дайындалудан, оқу үдерісінің бір бөлігі болып табылатын кез келген дербес оқу қызметі түрінде көрінеді. Негізгі қызметі – өз бетінше оқу машығын дамыту, жұмыстың әдістері мен құралдарын анықтау, оқуды жоспарлау болып табылады. Үй жұмысы** аудиториялық сабақтарда алынған білім мен машықтарды бекітуге, дағдыны қалыптастыруға, жаңа материалды меңгеруге барынша көмектеседі.

Өзіндік жұмыстарды табысты орындауды қамтамасыз ететін дидактикалық шарттар: тапсырмаларды орындауға қатысты міндеттер мен ұсыныстардың нақты берілуі; оқу тапсырмасының негізделуі (не үшін, неге көмектеседі); үй тапсырмаларының тиімді көлемі; оқытушы арқылы есептің нысаны, тапсыру мерзімдері; кеңес беру түрлерін анықтау; бағалау критерилері өценки, бақылаудың түрлері және нысандары.

Студенттердің өзіндік оқу жұмыстарының мазмұнын құрайды: оқытушымен ұсынылған әдебиеттерді оқу және конспектілеу; курстың нақты тараулары, бөлімдері бойынша тәжірибелік сабақтарда талқылаумен ұштастыра отырып есептер шешу; семинарда немесе ғылыми студенттік үйірменің отырысында талқылай отырып, сот істеріне шолу жасау; оқытушының тапсырмасы бойынша сот мәжілістеріне қатысу, әртүрлі ұйымдардың заң бөлімдеріне, нотариалдық кеңселердің жұмыстарымен танысу; үй тапсырмас түрінде заң жобаларына пікірлер дайындау; тәжірибелік сабақтармен ұштастыра отырып, зерттелінетін тақырып аясында құқықтық құжаттардың жобасын дайындау.

Рефераттарды дайындау – СӨЖ ұйымдастыру және бақылаудың бір нысаны. Реферат (лат. referre – баяндау, хабарлау) – бұл ұтымды бағалау арқылы қайнар көздің мазмұнын қысқаша баяндау немесе бірнеше қайнар көздерді салыстыру және талдау негізінде қандай да болмасын проблеманың жай-күйін ашу. Оқу үдерісіндегі мазмұны және қызметіне байланысты рефераттар ғылыми-проблемалық және шолу-ақпараттық болып бөлінеді.

Рефератты жазу мақсаты – студенттерде әдеби және нормативтік қайнар көздермен дербес жұмыс істеу машығы жазу мақсаты – студенттерде әдеби және нормативтік қайнар көздермен, жарияланған сот-тергеу тәжірибесімен дербес жұмыс істеу машығын жетілдіру. Студенттер оларды талдау және жалпылау негізінде өзіндік негіздеу арқылы теориялық және тәжірибелік сипаттағы қорытындылар жасай алады. Рефераттардың тақырыптары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі оқытушы арқылы анықталады. Қандай да болмасын кітаптың немесе мақаланың мазмұнын қысқаша баяндаумен байланысты рефераттар сәйкес тақырып бойынша дипломдық жұмысты дайындаудың алғашқы кезеңі болап қарастырылуы мүмкін. Реферат көлемі машиналық мәтіннің 15-20 беттік түрі ретінде бола алады. Рефераттың әдеттегі құрылымы: жоспар; тақырыптың негізделуі және міндеттері көрсетілген кіріспе; бірнеше параграфтан тұратын негізгі бөлім; тақырып бойынша жасалған түйіндер қарастырылған қорытынды; библиографиялық тізім.

### СӨЖ туралы талаптар:

Тақырыптың негізіне кірмес бұрын студент СӨЖ тақырыбына кіріспе жасайды. Кіріспеде тақырыптың қысқаша тарихына тоқталады, құқықтағы орны мен маңызы қарастырылады. Осыдан кейін негізіне тоқталады. Осы бөлімде тақырыпты жан жақты ашуға тырысады. Осы тақырыпқа байланысты ғылыми пікірлер, тәжірибеге тоқталады. Жұмыста студент тақырып шеңберінде еңбекте қаралған сұрақтарды көрсетіп автордың субъективті позициясын ашуға тиісті. Осыдан кейін барып өзіндік қорытынды жасалады. Қорытынды да тақырыпқа байланысты өзіндік тұжырым, түйіндемелер жасалады.

Студенттер СӨЖ жазу барысында жұмыс бағдарламасында сонымен қатар силлабустарда көрсетілген әдебиеттерді пайдалана алады. Жұмыстың көлеміне байланысты шектеулер жоқ, бірақ тақырыпты жеткілікті дәрежеде ашуы тиіс. СӨЖ орындауда жоспары, мазмұны және қолданылған әдебиет тізімі көрсетіледі. Қолданылған әдебиеттер тізімінде, ғылыми еңбектің аталуы, авторы, баспа атауы, шыққан жері мен жылы көрсетіледі.

**СӨЖ мақсаты:** тақырып шеңберінде жоспарда көрсетілген сұрақтар бойынша негізделген ғылыми және тәжірибелік қорытындыларды шығару.

### СӨЖ нысанының түрлері

1. **Тақырып сұрағының презентациясы** – студенттің үйде тыңғылықты дайындалып келуі(кестелерді, сызбанұсқаларды, оргтехникалар мен басқа да интерактивті әдістерді пайдалануы)
2. **Жеке жоба** – сабақ барысындағы оқытушының сұрағына жауап беру, арнайы білімді пайдаланып, өзінің логикалық тұрғыдан көзқарасын негіздеу.

3. **Пікірталастарға қатысу (іскерлік ойындар)** – студенттің қойылған тапсырма бойынша пікірталастық негіздегі, авторлық позициямен қайнар көздерді меңгеру түріндегі белсенді іс-әрекеті.

4. **Топтық жоба** – қойылған мәселені талдау бойынша студенттің кең және терең қызығушылығын көрсетіп, танытуы.

5. **Эссе** – студенттің жіберілген тақырыптар бойынша өз бетінше мазмұндамасын жеткізуі(жазбаша)

6. **Шығарма** – аудиториялық шектеулі уақыт жағдайында зерттеліп отырған тақырып немесе тақырып циклы бойынша өзіндік, жазбаша шығармашылық материал.

СӨЖ жазбаша нысанда, тақырыпты ашып, негіздеп жазу түрінде тапсырылады және студент тарапынан қорғалады, бұл жайында тапсырма бөлімінде айтылған. СӨЖ тақырыптары төменде белгіленген тақырыптардың алғашқы үшеуі жетінші аптаға дейін оқытушының офис уақыттарында тапсырылады, ал кейінгі екеуі, яғни 4-5 тақырыптар он үшінші аптаға дейін тапсырылады. Кешіктірілген жұмыстар қабылданбайды.

**Силлабуста көрсетілген мерзімнен кейін даярланған СӨЖ қаралмайды.**

**Реферат.** Студентте бір тақырыпты таңдау құқығы бар, осы тақырып бойынша ол материалдарды жинап, қорғау үшін реферат әзірлеу тиіс. Рефераттардың қорғалуы оқытушымен тағайындалған мерзімде өткізіледі (сабақ кестесіне сәйкес).

**Рефераттарды дайындау және рәсімдеу бойынша нұсқаулар**

Рефератты жазғанда осындай жағдайларға назар аударылады:

Реферат ғылыми әдебиеттерде, сондай-ақ басқа ақпарат көздерінде (интернет, газеттер мен журналдар және т.б.) белгілі өзекті тақырып бойынша жарияланған концепциялардың айқындалуы болып табылады. Рефератта ешқандай жаңалықтың элементтері болуға тиісті емес, бұл жерде бірнеше қайнар көздерінде көрініс тапқан берілген тақырыптағы негізгі идеяларды сауатты айтып беру және оларды әр түрлі көзқарастар бойынша топтастыру жеткілікті болып табылады.

Рефераттың көлемі 5-тен кем емес және 15 баспа беттен артық емес болады. Рефератты Word 6,0 немесе 7,0 (Windows'2000) редакторы пішінде теру керек, бет үлгісі – А4; қаріп (шрифт) түрі – Times New Roman (KZ Times New Roman), қаріп (шрифт) өлшемі – 14.

Мәтінде артық, тақырыптан басқа жаққа алып кететін, керегі жоқ мәліметтер болмау тиіс. Реферат мазмұнының берілген тақырыпқа сәйкестілігі бағалаудың маңызды критеріі болып саналады. Сондықтан рефераттың бас мақсаты ақпарат көздерін толық пайдаланып, авторлардың пікірлерін дұрыс түсіну және жұмыста оларды өзгертпей көрсете білу.

Рефераттың құрылымы қойылған міндеттемелерге байланысты.

Реферат титулдық беттен басталады. Одан кейін мазмұны көрсетіледі. **Мазмұны** рефераттың жоспары болып табылады, бұл жерде әр бөлімнің қасында тиісті беттердің нөмірі көрсетіледі.

Рефераттың мәтіні үш бөлімге бөлінеді, яғни кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды.

**Кіріспеде** тақырыптың өзектілігі негізделеді, сонымен бірге негізгі мәселелер, жұмыстың мақсаты мен міндеттері, пайдаланған қайнар көздері сипатталады.

Жұмыстың **негізгі бөлімі** реферат логикалық қатарының басты элементі болып табылады. Ол бірнеше тараудан немесе біртұтас мәтіннен тұрады. Негізгі бөлімде кезегімен, тараулар арасындағы логикалық байланыстың сақталынуымен кіріспеде қойылған мәселесі сипатталады, осы сұрақ бойынша алуан пікірлер көрсетіледі, авторлық көзқарасы негізделеді. Қажет болған жағдайда рефераттың мәтіні суреттер, кестелер мен сызбалармен толықтырылады.

Жұмыстың **қорытындысында** зерттеу жұмысының теориялық мәселелеріне қатысты басты-басты қол жеткен тұжырымдары көрініс табады.

Рефераттың соңында библиографиялық тізімі яғни пайдаланылған әдебиеттер мен басқа қайнар көздерінен тізімі көрсетіледі.

Рефераттың рәсімделуі де жұмыстың маңызды аспектісі болып табылады, себебі рефераттың дұрыс рәсімделгені қорытынды бағаға ықпал етеді. Өзекті, қызықты жазылған рефераттың құнтсыз рәсімделуі бағаны төмендетуге негіз бола алады.

**2. Жазбаша жұмыс.** Белгілі бір тақырып немесе бірнеше тақырып, сондай-ақ бүкіл курс бойынша әзірленген сұрақтарға жауап беруге дайындалу.

**3. Логикалық тапсырмалар:** студенттерге курсының әр тақырыптары бойынша логикалық тапсырмалар ұсынылады. Тапсырмалар ұсынылған әдебиеттердің негізінде жазбаша нысанда орындалады.

**4. Баяндама.**

Баяндаманы әзірлеу жоспары:

- оқытушымен бірге тақырыпты таңдау;
- базалық оқулық пен оқу-әдістемелік құралы бойынша тақырыпты зерттеу;
- баяндаманың негізгі идеяларын айқындау;
- ұсынылған әдебиетпен танысу;
- баяндаманың жоспарын құру;
- тақырып бойынша негізгі ұғымдарымен сөздіктер мен анықтамалықтардың көмегімен танысу;
- баяндаманың тезистерін әзірлеу;
- мысалдар мен иллюстрацияларды табу, көптеген тақырыптар бойынша Power Point бағдарламасында орындалған презентацияны көрсету баяндаманы жақсы әшекейлейді;
- баяндаманың мәтінін дайындау.

Баяндаманың ұсынылатын ұзақтығы – 10 мин.

Баяндаушының сөздерінен кейін аудиторияның сұрақтарына жауап беру және оқытушының тұжырымдамасы үшін уақыт қалдырылады.

Жариялы баяндаманың құрылымы.

Классикалық риторикада ауызша баяндаманың үш бөлімнен тұратын құрылымы қалыптасқан: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

**Кіріспе** талқыланатын тақырыпқа тыңдаушылардың назарын аудару тәсілі. Әдеттей кіріспе баяндама уақытының сегізден бір бөлігін алады.

**Негізгі бөлімінде** тақырып толығымен ашылып, тиісті мәліметтер және дәлелдер келтіріледі.

Негізгі бөлімінде жиі жіберілетін қателіктерге жатады:

- тақырыптың шегінен шығып кету;
- нақты жоспардың жоқтығы;

– бір сұрақтан басқа сұраққа секіріп кету.

**Қорытынды** қысқаша және анық болуға тиіс. Сонымен бірге тыңдаушыларға көңіл аударғандары үшін рахмет айтуға болады.

**Есептерді шығару.** Есептерді шығару әдісі:

Есептерді шешу үшін берілген тақырып бойынша дәрістік материалды толық білу керек. Мәселелердің шешімі жазылуы керек, қойылған сұрақтар және оларға толық жауаптар болуы керек. Тапсырмада айтылған әрбір факт немесе оқиға әдетте байланысты сұрақтар қою арқылы құқықтық бағалауды қажет етеді. Сұрақтардың әрқайсысына нақты жауап беру керек (иә, жоқ) және әрдайым заң нормаларын ескере отырып. Сонымен бірге студент өзінің бұл норманы қалай қолданатынын көрсетуі, тиісті жағдайда түсіндірмесін беруі, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларындағы осы норманың түсіндірмесіне, сонымен қатар оның доктриналық түсіндірмесіне сілтеме жасауы керек. Бұл әдісті игерген студент кәсіби мәселелерді тиімді шешуде өте құнды тәжірибе жинайды.

### ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ӘДІСТЕМЕЛІК ТАЛАПТАР

- 1) Тапсырма жабық типте болуы тиіс;
- 2) Максималды дұрыс жауаптар саны 3-тен аспауы тиіс;
- 3) Дұрыс жауаптар қайталанбауы тиіс;
- 4) Нақты дұрыс жауаптар санын ашып белгілеу;
- 5) Сұрақтардың құрастырылуы бірнеше дұрыс жауаптарға қолайлы болуы тиіс (Мұндай тапсырмаларды «жан-жақты» деп көрсету);
- 6) Егерде жауаптардың толықтығы болжанғанда «жан-жақты емес» деп көрсету;
- 7) Тапсырмаға жұмсалатын уақыт 1,5 минуттан аспауы тиіс;
- 8) Тапсырма қысқа пікірде, анық тілмен құрастырылып және тестілеуден өтіп жатқан адамның қорытындысының бір мәнділігіне жол бермеу;
- 9) Дистракторларда қайталанған сөз тіркестеріне тыйым салынады. Ұзақ сұрақ, қысқа жауап болғаны дұрыс;
- 10) Тапсырманың құрастырылуында міндеттемелік қисын болмауы тиіс (атаңыз, анықтаңыз, көрсетіңіз, артығын табыңыз);
- 11) Тапсырма жауабы бір мәнді болуы тиіс. «Иә», «Жоқ», «Дұрыс», «Дұрыс емес», «Барлық жауап дұрыс», «Барлық жауап дұрыс емес», «Көрсетілгендердің ішінде дұрыс жауабы жоқ», «Дұрыс жауабы жоқ» секілді жауаптарға жол берілмейді;
- 12) Тапсырма стилистикалық және орфографиялық жағынан сауатты құрастырылуы тиіс;
- 13) Барлық жауаптар ұзындығы жағынан салыстырмалы болуы тиіс және бір қатардан аспағаны жөн;
- 14) Тапсырманың мазмұны ұсынылатын әдебиеттерге сәйкес келуі тиіс, сонымен қатар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге нақты сілтеме жасала отырып көрсетілуі тиіс;
- 15) Тапсырма тестілеуден өтіп жатқан адамның игерген материалы жөніндегі пікірін емес, материалды игерген деңгейін бағалауы тиіс;
- 16) Тапсырмада бірыңғай стиль көрініс табуы тиіс. Қойылған сұраққа жауап логикалық тұрғыда аяқталуы тиіс;
- 17) Тапсырманың құрастырылуы баяндау формасында көрсетілуі тиіс (сұрақ қойылмайды). Сұрақтар қолданылмауы керек (<қалай>, <неліктен>, <қандай>);
- 18) Тапсырмада ойға түсіруші не анық оқшауланып көрсетілген, көрінеу жалған жауаптар болмауы тиіс.
- 19) Тапсырмада қайшылықтар, дау және қарсылықтар болмауы тиіс;
- 20) Тапсырмалар қайталанбауы тиіс.

### Тест тапсырмаларының күрделілік деңгейіне байланысты өлшемдері

1-деңгей – жеңіл – негізгі анықтамалар, формулалар, заңдар, принциптер, фактілер, оқиғалар тізбегін, схемалар, гистограммаларды білуін және т.б. білімдерін тексеру;

2-деңгей – орта – қарапайым есте сақтаудан басым түсетін нәтижелерді анықтау: фактілер, ережелер, принциптері түсінігі мен интерпретациясы; барлық пәндер мен оның бөлімдерін шығармашылық ойлауды талап ететін тапсырмаларды шешу: формулаларды қолданып тапсырманы шешу, оқып жатқан құбылыстар, процестер, оқиғалардың жүйелі өзара қарым-қатынасын және ұқсастығын таба білу қабілеті.

3-деңгей – күрделі – түсінуге қарағанда жоғары деңгейде игеруді талап ететін нәтижелерді шығару, тестілеуден өтіп жатқан адамның ғылыми-зерттеу қабілетін анықтауға мүмкіндік беретін, қолда бар деректерден туындайтын болашақ салдарларды болжамдап сипаттау қабілеті; нақты жекелеген жағдайларда заңдарды қолдану; оқып жатқан материалдарды сынап бағалай білу және оларды графика, сызба, эскиздер түрінде көрсету.

### Тест тапсырмалары жиынтығының үлгісі

- 1) сұрақтардың ең аз саны – 50
- 2) жауаптар саны – 5,6,7,8 оның ішінде дұрыс жауаптар – 1,2,3
- 3) деңгей бойынша бөлу:

- 1 деңгей-бір дұрыс жауаппен 20 сұрақ;
- 2 деңгей-екі дұрыс жауабы бар 20 сұрақ;
- 3 деңгей-үш дұрыс жауабы бар 10 сұрақ;
- 4) сұрақтар мен оның жауаптары міндетті түрде кестелік түрде болуы тиіс.
- 5) бір дұрыс жауабы бар сұрақ мәтініне қарама – қарсы – V1 қойылады, дұрыс жауапқа қарама – қарсы-1, қате жауаптарға қарама-қарсы-0 қойылады.
- 6) екі және үш дұрыс жауабы бар сұрақ мәтініне қарама – қарсы – V2, барлық дұрыс жауаптарға қарама – қарсы-1, қате жауаптарға қарама-қарсы-0 қойылады.
- 7) суреттер мен формулаларды салуға болады

**1 деңгей**

Сұрақ №1

V1 №1 сұрақтың мәтіні

0 дұрыс жауап емес

1 дұрыс жауап

0 дұрыс жауап емес

0 дұрыс жауап емес

0 дұрыс жауап емес

Сұрақ №2

V1 №2 сұрақтың мәтіні

0 дұрыс жауап емес

1 дұрыс жауап

0 дұрыс жауап емес

0 дұрыс жауап емес

0 дұрыс жауап емес

0 дұрыс жауап емес

**2 деңгей**

Сұрақ №1

V2 №1 сұрақтың мәтіні

0 дұрыс жауап емес

1 дұрыс жауап

0 дұрыс жауап емес

0 дұрыс жауап емес

1 дұрыс жауап

0 дұрыс жауап емес

Сұрақ №2

V2 №2 сұрақтың мәтіні

0 дұрыс жауап емес

1 дұрыс жауап

1 дұрыс жауап

0 дұрыс жауап емес

0 дұрыс жауап емес

Сұрақ № 3

V2 №2 сұрақтың мәтіні

0 дұрыс жауап емес

1 дұрыс жауап

1 дұрыс жауап

0 дұрыс жауап емес

0 дұрыс жауап емес

0 дұрыс жауап емес

0 дұрыс жауап емес

**3 деңгей**

Сұрақ №1

V2 №1 сұрақтың мәтіні

0 дұрыс жауап емес

1 дұрыс жауап

0 дұрыс жауап емес

0 дұрыс жауап емес

1 дұрыс жауап

0 дұрыс жауап емес

1 дұрыс жауап

- Сұрақ №2  
 V2 №2 сұрақтың мәтіні  
 0 дұрыс жауап емес  
 1 дұрыс жауап  
 1 дұрыс жауап  
 0 дұрыс жауап емес  
 0 дұрыс жауап емес  
 1 дұрыс жауап  
 Сұрақ № 3  
 V2 №1 сұрақтың мәтіні  
 0 дұрыс жауап емес  
 1 дұрыс жауап  
 0 дұрыс жауап емес  
 0 дұрыс жауап емес  
 1 дұрыс жауап  
 0 дұрыс жауап емес  
 1 дұрыс жауап  
 0 дұрыс жауап емес  
 Сұрақ № 4  
 V2 №1 сұрақтың мәтіні  
 1 дұрыс жауап  
 0 дұрыс жауап емес  
 0 дұрыс жауап емес  
 1 дұрыс жауап  
 1 дұрыс жауап

**Ситуациялық тест тапсырмаларының мазмұнына қойылатын талаптар:**

- ситуациялық тапсырмалардың фабуласы материалдарға негізделуі тиіс, бақылау мақсаттары бойынша оларды өңдеуге және түсіндіруге жол беріледі;
- ситуациялық тапсырма кешенді болуы тиіс: фабулада іс жүргізу құраушысы, қолданылатын іс жүргізу институттары фабулада мазмұндалғандардың материалдық-құқықтық біліктілігінен не халықаралық-құқықтық көздерге немесе конституциялық құқық көздерден алынуы қажет;
- ситуациялық тапсырмалар ҚР халықаралық, конституциялық, азаматтық, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқықтарының негізгі көздерін қолдануға негізделген нақты, бір мәнді шешімді қамтуы тиіс;
- ситуациялық тапсырмаларды бағалаушының өз білімін, дағдыларын және қабілетін көрсетуі үшін ситуацияны толық және терең талдауға бағытталған сұрақтар қою арқылы дәйекті түрде сүйемелдеу қажет;
- материалдық және іс жүргізу құқығы бойынша ситуациялық тапсырмаларға сұрақтарды міндетті түрде жеке тұжырымдау керек
- ситуациялық тапсырмаларға эталондық (дұрыс) жауаптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және құқықтық ойдың қазіргі даму деңгейіне негізделуі тиіс;
- ситуациялық тапсырмалардың құрылымы екі өзара байланысты кейстің фабулалары (материалдық және процессуалдық), олардың әрқайсысы бір дұрыс жауапты таңдау арқылы бір тест тапсырмасымен бірге жүреді;
- ситуациялық тапсырманы шешудің еңбек сыйымдылығы негізінде бір жауап тест сұрағына жұмсалады орташа 1.5 минут.

**Студенттердің өз бетінше жұмысы үшін келесі дәріс тақырыптарына енбеген тақырыптар ұсынылады:**

- 1-тақырып.** 1) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің 7- бабы бойынша тест сұрақтарын – 50: 1-деңгей- 20, 2-деңгей-20, 3-деңгей-10, ситуациялық тест сұрақтарын (5) және есептер құрастыру (5) (Ситуациялық тест, есептер құрастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықты басшылыққа ала отырып).
- 2) 1-3 дәріс тақырыптары бойынша Moodle қашықтан оқыту жүйесіндегі ситуациялық тестерді шешу. Тұлғалық-бағдарлық **Тапсыру нысаны және мерзімі:** Ситуациялық тест тапсырмаларын дайындау және шығару – 3-апта. Логикалық тапсырма.
- 2-тақырып.** 1) «Қылмыстық қудалау. Жекеше, жекеше-жариялы және жариялы қудалау және айыптау істері. Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар» тақырыбына тест сұрақтарын – 50: 1-деңгей- 20, 2-деңгей-20, 3-деңгей-10, ситуациялық тест сұрақтарын (5) және есептер құрастыру (5) (Ситуациялық тест, есептер құрастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықты басшылыққа ала отырып).



2) 1-5 дәріс тақырыптары бойынша Moodle қашықтан оқыту жүйесіндегі ситуациялық тестерді шешу. Тұлғалық-бағдарлық **Тапсыру нысаны және мерзімі:** есептер дайындау – 5-апта. Логикалық тапсырма. Қылмыстық қудалаудың әрбір түріне есептер дайындау (5 есеп)

**3-тақырып.** 1) «Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу. Қылмыстық істерді біріктіру. Қылмыстық істі бөлектеп алу Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу» тақырыбына ситуациялық тест сұрақтарын және есептер құрастыру (Ситуациялық тест, есептер құрастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықты басшылыққа ала отырып).

2) 6-8 дәріс тақырыптары бойынша Moodle қашықтан оқыту жүйесіндегі ситуациялық тестерді шешу. **Тапсыру нысаны және мерзімі:** Ситуациялық тест тапсырмаларын дайындау және шығару – 8-апта. Логикалық тапсырма.

1. **4-тақырып. СӨЖ 4 1)** Процестік актілер жасау. Процестік актілер жасау:

**Сот қызметі бойынша:**

тергеу судьясының күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхаттарды қарауы барсыныдағы хаттама;

**Прокурордың қызметі бойынша:** қандай да бір тергеу әрекеттерін жүргізу туралы нұсқау;

**Сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша:** Істі өз өндірісіме қабылдау туралы қаулы; күдікті ретінде тану туралы қаулы; күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы; күзетпен ұстауды санкциялау жөнінде өтінішхат қозғау туралы қаулы; жауап алу хаттамасын; айыптау актісін.

**Қылмыстық процестегі адвокат қызметі бойынша**

қорғаушы ретінде іске қатысу туралы өтінішхат жазу; кепіл түрінде бұлтартпау шарасын қолдану және күзетпен ұстауға санкция беру туралы қылмыстық қудалау органының өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы өтінішхат жазу; тергеу судьясының күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы шешіміне шағым жазу; апелляциялық шағым жазу.

2) 6-8 дәріс тақырыптары бойынша Moodle қашықтан оқыту жүйесіндегі ситуациялық тестерді шешу.

**Тапсыру нысаны және мерзімі:** процестік актілер жасау – 10-апта

**5 тақырып.** Өтінішхаттар. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым жасау. Тұлғалық-бағдарлық. **Ұсыныс** – заң нормаларын, сот тәжірибесін жетілдіруге бағытталған тұжырымдар. Студент ұсынылған тақырып бойынша не заң нормаларын жетілдіруге бағытталған, не сот тәжірибесін жетілдіруге бағытталған өз ұсыныстарын дайындауы қажет. Студенттің ұсыныстарын әзірлеу ісі қолданыстағы заңдар мен оларды қолданудың тәжірибесін талдауды, оның мәнін жазуды қамтиды. Сонымен қатар түсіндірме хатында студент өз ұсыныстарының қажеттігін негіздеуі керек.

**Тапсыру нысаны және мерзімі:** құжаттар жасау – 12-апта

**6-тақырып.** Жарыссөзге қатысу үшін айыптау сөзін құрастыру қылмыстық іс материалдары бойынша сөз сөйлеу, сот шешендігінің жарқын, мәнерлі әдістерін қолдану (кем дегенде 10) және осы сөзді жеткізе білу. Тұлғалық-бағдарлық

**Тапсыру нысаны және мерзімі:** айыптау сөзін жасау – 13 апта

**7- тақырып.** Жарыссөзге қатысу үшін қорғау сөзін құрастыру қылмыстық іс материалдары бойынша сөз сөйлеу, сот шешендігінің жарқын, мәнерлі әдістерін қолдану (кем дегенде 10) және осы сөзді жеткізе білу.

**Тапсыру нысаны және мерзімі:** айыптау сөзін жасау – 15 апта

**СӨЖ ӨТКІЗУДІҢ КЕСТЕСІ**

Апталар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
СӨЖ			*		*			*		*		*	*		*
Баллдарың саны			25		25			25		25		10	20		20

**ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:****Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды // <https://online.zakon.kz/>
2. “Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралың 25.12.00 ж. ҚР конституциялық заңы // <https://online.zakon.kz/>
3. “Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы 30.06.2017 ж. заңы // <http://adilet.zan.kz>
4. “Адвокаттық қызмет туралы Қазақстан Республикасының 5.07.2018 ж. Заңы // <http://adilet.zan.kz>
5. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.
6. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі 04.07.2014 // <http://adilet.zan.kz>

**Негізгі әдебиет:**

1. Нұрмашев Ү. Ахапов К. Қылмыстық іс жүргізу құқығы. Алматы: Жеті жарғы, 2015. – 300 с.
2. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. – 352 с.
3. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Движение уголовного дела (Общая и Особенная части) / Учебник / Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н, доц. Касимова А.А. – Алматы: Жеті Жарғы, 2013. – 1016 с.
4. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Общая. Книга 1. / Под общ. ред. д.ю.н., проф. Берсугуровой Л.Ш., д.ю.н., проф. Джансараевой Р.Е. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 275 с.
5. Мухамадиева Г.Н. Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу құқығы (Жалпы бөлім): оқу-әдістемелік құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 162 б.

**Қосымша әдебиет:**

Уголовно-процессуальное право. Видеолекции// <https://www.youtube.com/watch?v=7mqXeMDBG4>

Единое окно доступа к информационным ресурсам // <http://window.edu.ru/catalog/pdf2txt/683/44683/21461>

**Онлайн қолжетімді:** Қосымша оқу материалы – дәрістер тезисы, сонымен қатар үй жұмысы, жобалар, СӨЖ орындау үшін қажетті оқу-методологиялық материал [univer.kaznu.kz](http://univer.kaznu.kz) желісінде ПОӘК бөлімінде қолжетімді болады. (Сонымен қатар пән тақырыбы бойынша МООК курсың ұғыну ұсынылады).